

Республикасының Заңдары осы заңмен реттелмеген бөлігінде қоғамдардың қызметіне қолданылады.

3-бап. Өзара сақтандыру мақсаттары мен принциптері

1. Өзара сақтандырудың негізгі мақсаты тәуекелдерді қайта бөлуде, жеке және заңды тұлғалардың мүлдіктік мүдделеріне сақтандыру қорғауын ұсыну арқылы олардың шаруашылық қызметіне кепілдікті нығайтуда болады.

2. М ы н а л а р :

қоғам мүшелерінің құқықтары мен міндеттерінің тепе-теңдігі;
қоғам мүшелерін өзара қорғау мен өзара жауапкершілігі;
сақтандыру операцияларының коммерциялық емес сипаты өзара сақтандырудың принциптері болып табылады.

4-бап. Өзара сақтандыру объектілері

1. Қоғам мүшелерінің қызметімен байланысты сол сияқты тәуекелдермен біріккен олардың заңды мүлдіктік мүдделері өзара сақтандыру объектісі болуы мүмкін.

2. Өзара сақтандыру "өмірді сақтандыру" және "жалпы сақтандыру" саласы бойынша жүзеге асырылады.

3. "Өмірді сақтандыру" саласы мен "жалпы сақтандыру" саласының құрамына Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген сақтандыру сыныптары енеді. Өзара сақтандырудағы сақтандыру салалары мен сыныптарын қосу Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Қоғам Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген сақтандыру сыныптарын қосу бойынша шектеулерді ескере отырып, екі және одан да көп сақтандыру сыныптарының белгілері мен мазмұнын байланыстыратын сақтандыру түрін әзірлеуге құқылы.

5-бап. Уәкілетті органның және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиялануға жатпайтын қоғамдарға қатысты құзыреті

1. У ә к і л е т т і о р г а н :

1) қоғам жарғысын және жарғыға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды алдына келіседі;

2) қоғамдардың тізілімін жүргізеді;

3) қоғамдардың қаржылық және статистикалық есептілігін қоспағанда, олардың есеп беру тізбесін, нысанын, мерзімін және тәртібін белгілейді;

4) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі заңнамасына сәйкес әкімшілік жазаға тартқызу шараларын қолданады.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі уәкілетті органмен келісе отырып:

- 1) уәкілетті органға қаржылық есептілікті ұсыну мерзімін, тізбесін және нысанын;
- 2) қоғамның Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне статистикалық есептілікті ұсыну мерзімін, тізбесін және нысанын белгілейді.

2-тарау. Қоғамды құру, оның мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

6 - б а п . Қ о ғ а м н ы ң а т а у ы

1. Қоғамның атауында "өзара сақтандыру қоғамы" деген сөздер болуы тиіс.
2. Қоғамның атауында кез келген тілде толық не қысқартылған түрде "ұлттық", " мемлекеттік", "орталық", "бюджеттік", "республикалық" деген сөздер болмауы тиіс.

7-бап. Лицензиялануға жатпайтын қоғамды мемлекеттік тіркеуге алу е р е к ш е л і к т е р і

1. Уәкілетті органның лицензиялануға жатпайтын қоғамды мемлекеттік тіркеуі уәкілетті органмен жарғыны алдын ала келіскеннен кейін жүзеге асырылады.

Қоғамның жарғысын алдын ала келісу үшін уәкілетті органға мынадай құжаттар ұ с ы н ы л а д ы :

- 1) қоғамның жарғысын алдын ала келісуге арналған өтініш;
 - 2) қоғамның нотариат куәландырған және заңнамада белгіленген тәртіппен ресімделген жарғысының үш данасы;
 - 3) қоғамды құру туралы қабылданған шешімді куәландыратын құжаттар.
2. Уәкілетті орган қоғамның жарғысын алдын ала келісу өтінішін өтініш беруші осы баптың 1-тармағында көзделген құжаттарды ұсынған күннен бастап бір ай ішінде қ а р а у ы т и і с .

3. Қоғамның жарғысын алдын ала келісу мынадай себептермен бас тартылуы м ү м к і н :

- 1) ұсынылған құжаттардың осы баптың 1-тармағының талаптарына сәйкес келмеуі;
- 2) жарғы ережелерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес к е л м е у і .

4. Уәкілетті орган лицензияламайтын қоғам мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде уәкілетті органды мемлекеттік тіркеуден өткені туралы хабардар етуге міндетті.

8-бап. Қоғамның құрылтай құжаттары

1. Қоғамның құрылтай шарты мен жарғысы оның құрылтай құжаттары болып т а б ы л а д ы .

2. Қоғамның құрылтай шартында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ережелерден басқа мыналар болуы тиіс:

- 1) құрылтайшылардың сақтандыру шартына қол қою және сақтандыру сыйлықақыларын салу жөніндегі міндеттері;
- 2) құрылтайшылар қоғамды құрумен және қызметін ұйымдастырумен байланысты әкімшілік шығыстарға салатын ақшалай жарналардың мөлшері.

3. Қоғамның жарғысында, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген мәліметтерден басқа мыналар болуы тиіс:

1) өзара сақтандыруға жататын мүліктік мүдделердің ортақтығына, қоғам мүшелерінің кәсіби тиесілілігіне, қызмет пен мүдделер аясының ортақтығына нұсқаманы қоса алғанда, қоғам мүшелерінің біріктіру негіздемелері;

2) қоғам мүшелерінің жауапкершілігі, оның ішінде сақтандыру міндеттемелері бойынша субсидиарлық жауапкершілік, сондай-ақ қосымша жарналар енгізу жөніндегі жауапкершілік ;

3) сақтандыру сыныптары ;

4) сақтандыру сыйлықақыларын төлеу тәртібі, қосымша және өзге жарналарды енгізу, сондай-ақ оларды пайдалану тәртібі;

5) қоғам құратын сақтандыру және өзге де резервтерді қалыптастыру мен пайдалану тәртібі ;

6) өз қаражатын инвестициялау тәртібі;

7) қоғам мүшелеріне қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібі;

8) қоғам мүшелігіне кіру тәртібі, сондай-ақ қоғам мүшесін шығарудың негіздемесі және тәртібі .

Қоғам жарғысында Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама-қайшы келмейтін басқа да ережелер болуы мүмкін.

4. Қоғамның жарғысына фамилиясы, аты-жөні, мекен-жайы және жеке тұлғалар үшін жеке басын куәландыратын құжат деректері, сондай-ақ заңды тұлғалар үшін толық атауы орналасқан жері, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) жөніндегі деректері көрсетілген қоғам мүшелерінің тізімі қоса беріледі.

Қоғам өз мүшелерінің тізімін жүргізуді және сақтауды қамтамасыз етеді.

5. Қоғам жарғысы қоғам мүшелігіне кандидаттарға танысу үшін ұсынылуы тиіс.

6. Қоғамның жарғысына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар қоғамның жарғысын алдын ала келісу үшін осы Заңның 7-бабының 1-тармағында көзделген тәртіппен уәкілетті органмен алдын ала келісуге жатады.

9 - б а п . Қ о ғ а м м ү ш е л е р і

1. Жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар, оның ішінде құрылтайшысы немесе қатысушысы мемлекет болып табылатын заңды тұлғалар қоғам мүшелері болып табылады .

Қоғам мүшелерінің саны екіден кем болмауы тиіс.

2. Қоғамға мүше болу жасалған сақтандыру шартына сәйкес алғашқы сақтандыру сыйлықақысын төлеген соң барып туындайды.

3. Қоғам мүшелері қоғамға үшінші тұлғалар қойған шағым-талаптар бойынша өздеріне міндеттемелер алмайды.

10-бап. Қоғам мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

1. Қоғам мүшелерінің мынадай құқықтары бар:

- 1) қоғам көрсететін сақтандыру қызметінің барлық түрлерін пайдалануға;
- 2) қоғамды басқаруға қатысу және оның органдарына сайлануға;
- 3) өзара сақтандыру ережесінде және қоғам қызметін реттейтін өзге де құжаттарда белгіленген талаптармен өзінің мүліктік мүдделерін сақтандыруға;
- 4) қоғамның органдарынан олардың қызметі, қоғам қызметі туралы кез-келген ақпаратты алуға, оның ішінде қоғам жарғысында айқындалған тәртіппен бухгалтерлік есеп, есеп беру деректерімен және басқа да құжаттармен танысуға;
- 5) қоғам жарғысында көзделген тәртіппен және талаптармен қоғамда мүшелікті тоқтатуға;
- 6) тиісті жинақтаушы сақтандыру шартында көзделген сатып алу сомасы шегінде қоғамнан заем алуға;
- 7) алғашқы сақтандыру сыйлықақысын төлеуді қоспағанда, сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге арналған заемдар алуға;
- 8) қоғамның атқарушы органының қарауына сақтандыру жағдайының туу тәуекелін ескерту үшін ақша беру туралы өтініш беруге;
- 9) қоғамның жарғысында көзделген тәртіппен қоғам мақсаттары үшін өзге де жарналар салуға;
- 10) қоғамның атқарушы, бақылау және өзге де органдарының заңсыз іс-қимылдары бойынша қоғам мүшелерінің жалпы жиналысына өтініш жасауға;
- 11) қоғамның атқарушы органының қоғамның өз мүдделерін қамтитын шешімдерін сот тәртібімен бұздыруға.

Қоғам жарғысында Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама-қайшы келмейтін мүшелердің өзге де құқықтары белгіленуі мүмкін.

2. Қоғам мүшелері:

- 1) қоғам жарғысын сақтауға;
- 2) қоғам органдарының құзыреті шегінде қабылдаған шешімдерін орындауға;
- 3) сақтандыру сыйлықақыларының төлемдерін уақтылы жасауға;
- 4) сақтандыру резервтерін толықтыру қажет болғанда немесе сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға қаражат жеткіліксіз болған жағдайда осы Заңға және қоғамның жарғысына сәйкес қоғам мүшелерінің жалпы жиналысы белгілеген мөлшерде қосымша жарналар төлеуге міндетті.

Қоғам мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама-қайшы келмейтін, қоғам жарғысында көзделген басқа да міндеттерді мойнына ала алады.

3. Қоғам мүшесін сақтандыру сыйлықақыларын және қосымша сақтандыру жарналарын төлеу міндетінен, оның ішінде осы Заңның 20-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, оның ішінде қоғам талаптарын есепке алу жолымен босатуға жол берілмейді.

11-бап. Қоғамдағы мүшелікті тоқтату

1. Қоғамдағы мүшелік мынадай жағдайларда тоқтатылады:

- 1) қатысушылар құрамынан өз еркімен шыққан кезде;
- 2) қоғам жарғысында көзделген негіздеме мен тәртіп бойынша, оның ішінде сақтандыру сыйлықақысын төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындамаған кезде қоғам мүшелігінен шығарылған жағдайда;
- 3) қоғам мүшесі - заңды тұлға таратылған жағдайда;
- 4) қоғам мүшесі - жеке тұлға қайтыс болғанда немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қайтыс болды деп танылған жағдайда;
- 5) қоғам таратылған жағдайда.

2. Егер қоғам мүшесі осының алдында қоғам мақсаты үшін өзге жарна енгізген жағдайда ол қоғамдағы мүшелігі тоқтатылған кезде қоғам алдындағы берешегін шегере отырып, оларды қоғамның жарғысында көзделген мерзімде кері қайтарып алу құқығы бар.

Қоғам мүшесі төлеген сақтандыру сыйлықақылары мен қосымша жарналары қайтарылмайды.

3. Қоғам қатысушыларының құрамынан ерікті шығу туралы өтінішті қарауды және өтініш берушіге осы баптың 2-тармағында көрсетілген жарналар төлеуді қоғам өтініш берілген күннен бастап бір айдан астам емес мерзімде жүйеге асырады.

4. Қоғам мүшесі қайтыс болған жағдайда оның мұрагері қоғамның жарғысында көзделген тәртіппен қоғамға кіруге құқылы.

5. Құрылтайшының құрылтай шартында белгіленген мерзімде сақтандыру сыйлықақыларын салмауы және сақтандыру шартына қол қоймауы оны құрылтайшылар құрамынан шығаруға әкеліп соқтырады.

3-тарау. Қоғам қызметі

12-бап. Өзара сақтандыру қызметін лицензиялау

1. Өзара сақтандыру қызметі осы баптың 2-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, лицензиялауға жатқызылмайды.

2. Уәкілетті органның лицензиясы қоғамның мынадай қызметтерді жүзеге асыруы кезінде талап етіледі:

1) міндетті сақтандыру туралы заңдарда көзделген тәртіппен және шарт бойынша міндетті сақтандыру түрлері бойынша;

2) қоғам мүшелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша;

3) егер бір жылғы жиынтық сақтандыру сыйлықақысы мөлшерінің баламасы тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген бір жүз елу мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен асып кеткен жағдайда өз мүшелерін сақтандыру бойынша.

3. Қоғам қызметі осы баптың 2-тармағының талаптарына сәйкес келмеген және ол уәкілетті органға лицензияны ерікті түрде тапсырған жағдайда, қоғам өзара сақтандыру қызметін осы Заңға сәйкес лицензиясыз жүзеге асыруға құқылы.

13-бап. Лицензиялануға жатпайтын қоғамның өзара сақтандыруды жүзеге асыру тәртібі

1. Қоғамның өзара сақтандыруды уәкілетті органның лицензиясынсыз жүзеге асыру тәртібі осы Заңға сәйкес жүргізіледі.

2. Сақтандыру шартын жасасу арқылы қоғам өз мүшелерінің мүліктік мүдделерін өзара сақтандыруды жүзеге асырады.

3. Өзара сақтандыруды жүзеге асыратын жалпы шарттар қоғам мүшелерінің жалпы жиналысында қабылданған өзара сақтандыру ережелері бойынша анықталады.

Өзара сақтандыру ережелеріне өзгерістер жылына бір реттен жиі өтпейтін қоғам мүшелерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша жасалады.

14-бап. Қоғам қызметі

1. Өзара сақтандыру қоғам жүзеге асыратын негізгі қызмет түрі болып табылады.

2. Қоғам өзара сақтандырудан басқа мынадай қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы:

1) инвестициялық қызмет;
уәкілетті органның лицензиясы негізінде өз қызметін жүзеге асыратын қоғамдар үшін Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында көзделген тәртіппен;

уәкілетті органның лицензиясынсыз өз қызметін жүзеге асыратын қоғамдар үшін жарғыда көзделген тәртіппен жасалады;

2) тиісті жинақтаушы сақтандыру шартында көзделген сатып алу сомасы шегінде өз мүшелеріне заемдар беруге;

3) өз мүшелеріне сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге заемдар беруге;

4) қоғамдардың қызметін автоматтандыру үшін пайдаланылатын мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді сату;

5) сақтандыру және сақтандыру қызметі жөніндегі арнайы әдебиетті кез-келген ақпарат тасымалдағыштарында сату;

6) қоғамның қажеттілігі үшін бұрын сатып алынған мүлікті сату және жалға беру;

7) сақтандыру қызметіне байланысты мәселелер бойынша кеңес беру қызметін көрсету;

8) өзара сақтандыру саласындағы мамандардың біліктілігін көтеру мақсатында оқыту ұйымдастыру және оны өткізу.

3. Қоғамға осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделмеген мәмілелерді жүзеге асыруына және операциялар жасауына тыйым салынады.

4. Қоғамға қоғамдардың қауымдастықтар (одақтар) нысанында біріккен, сондай-ақ бірлескен қызмет туралы шарттың негізінде консорциумдар құрылған жағдайларды қоспағанда, басқа заңды тұлғаларға қатысуға тыйым салынады.

5. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құруға құқылы.

15-бап. Қайта сақтандыру қызметі

1. Қоғам уәкілетті органның тиісті лицензиясы бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына немесе онда тізбесін уәкілетті орган Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасына сәйкес белгілеген бір рейтинг агенттігінің белгілі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына қайта сақтандыруға қоғам қабылдаған сақтандыру тәуекелдерінің барлығын немесе бір бөлігін беру құқығы бар.

2. Қоғамның қайта сақтандыруға қабылдаған сақтандыру тәуекелдерін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына беруі осы баптың 1-тармағында көрсетілгендей жеке түрде немесе сақтандыру брокері арқылы жүзеге асырылады.

Қоғамның делдалдық қызметті немесе қайта сақтандыру тәуекелін қабылдау қызметін жүзеге асыруға құқығы жоқ.

4-тарау. Қоғамның органдары

16-бап. Қоғамның органдары

1. Қоғамның органдары мыналар болып табылады:

- 1) жоғары орган - қоғам мүшелерінің жалпы жиналысы;
- 2) атқарушы орган - алқалы орган (Басқарма) немесе атқарушы органның функциясын жеке дара жүзеге асыратын адам (Төраға);
- 3) бақылау органы - ішкі аудит қызметі.

2. Қоғамның жарғысымен қоғамның өзге де органдарының құрылуы көзделуі мүмкін.

17-бап. Қоғам мүшелерінің жалпы жиналысы

1. Қоғам мүшелері жалпы жиналысының айрықша құзыретіне, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген құзыреттен басқа, м ы н а л а р ж а т а д ы :

- 1) қоғамның өзінің мүшелерімен жасаған өзара сақтандыру шарттарының т а л а п т а р ы н а й қ ы н д а у ;
- 2) қоғамның бюджетін бекіту;
- 3) қоғамда аудит жүргізу туралы шешім қабылдауы және аудитор таңдауы;
- 4) қоғам мен оның мүшелері арасындағы дауларды қарау тәртібін айқындау;
- 5) өзара сақтандыру ережесін бекіту;
- 6) сақтандыру тарифтерін есептеу тәртібін айқындау;
- 7) қоғамның қызметін қамтамасыз ету, олардың пайдалануы үшін қажетті қоғамның сақтандыру және өзге де резервтерін қалыптастыру мен толықтыру тәртібін айқындау;
- 8) қоғамның инвестициялық саясатын бекіту;
- 9) сақтандыру тәуекелдерін оларды қайта сақтандыру үшін беру жөніндегі саясатты бекіту және сақтандырудың әрбір түрі бойынша өз ұстап қалу лимиттерін белгілеу;
- 10) тиісті жинақтаушы сақтандыру шартында көзделген сатып алу сомасы шегінде қоғам мүшелеріне заемдар беру жөнінде шешім қабылдау;

11) өз мүшелеріне сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге заемдар беру туралы ш е ш і м қ а б ы л д а у ;

12) қоғамның атқарушы органы ұсынған қорытынды негізінде сақтандыру жағдайы пайда болған кездегі тәуекелдерді алдын алуға арналған іс шараларды өткізуге ақша б ө л у т у р а л ы ш е ш і м қ а б ы л д а у ;

13) ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбекақы мөлшерін және оны төлеу шарттарын айқындау;

14) қоғамға жаңа мүшелерді қабылдау туралы шешім қабылдау.

2. Осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен енгізілген мәселелермен қатар жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне, қоғам жарғысымен басқа да мәселелер енгізілуі мүмкін.

3. Қоғам мүшелерінің жалпы жиналысы қоғам қызметіне байланысты кез-келген мә с е л е н і қ а р а у ғ а қ ұ қ ы л ы .

4. Жалпы жиналысты (оның ішінде кезектен тыс жиналысты) шақыру, өткізу, шешім қабылдау тәртібі тұтыну кооперативінің қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және қоғам жарғысымен айқындалады.

18-бап. Қоғамның атқарушы органы

1. Қоғамның атқарушы органының құзыретіне тұтыну кооперативінің қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актісімен айқындалған мәселелерден басқа мыналар жатады:

1) қоғам қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар қалыптастыру;

2) қоғамның инвестициялық саясатын әзірлеу;

3) сақтандыру тәуекелдерін қайта сақтандыру үшін және әр сақтандыру түрі бойынша жеке ұстайтын лимиттерді беру саясатын әзірлеу;

4) келесі жылға қоғамның жылдық қаржылық есебін және бюджеттің жобасын ә з і р л е у ;

5) қоғам мүшелері жалпы жиналысының айырықша құзыретіне жататын есептерден басқа қоғам е с е п т е р і н б е к і т у ;

6) қоғам жарғысында айқындалған өзге де мәселелер.

2. Қоғамның Төрағасы қоғам мүшелерінің жалпы жиналысында сайланады және ж ұ м ы с т а н б о с а т ы л а д ы .

Қоғамның Төрағасы қоғамның мүшесі болмауы да мүмкін.

3. Басшысын қоса алғандағы қоғамның алқалы атқарушы органы (Басқарма) жарғыда көзделген санда қоғам мүшелерінің жалпы жиналысында сайланады.

Қоғам мүшелері жалпы жиналысының шешімі бойынша қоғам Басқармасының кез келген мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

4. Қоғамның алқалы атқарушы органының басшысы осы органның қызмет етуін қамтамасыз етеді және оның отырыстарын басқарады.

5. Егер қоғам Басқармасының мәжілісіне оның мүшелерінің жартысынан астамы

қатысып отырса, ол шешім қабылдауға құқылы. Шешімдер жай көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Басқарма Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

6. Қоғамның алқалы атқарушы органының қызмет тәртібі және оның шешім қабылдауы қоғамның жарғысымен, сондай-ақ ережелермен және қоғам мүшелерінің жалпы жиналысында қабылданған өзге құжаттармен айқындалады.

19-бап. Қоғамның ішкі аудит қызметі

1. Егер өзгесі қоғам жарғысында көзделмеген болса, қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасау үшін ішкі аудит қызметі құрылады әрі ол қоғам мүшелерінен тұрады.

2. Қоғамның ішкі аудит қызметінің жұмыс істеу тәртібі қоғамның жарғысымен және ішкі құжаттарымен айқындалады.

3. Қоғамның атқарушы органының мүшесі ішкі аудит қызметінің мүшесі бола алмайды.

4. Ішкі аудит қызметі қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізеді, қоғамның жылдық қаржылық есебі мен бухгалтерлік балансы бойынша қоғамның жалпы жиналысында қорытынды жасайды. Қоғам мүшелерінің жалпы жиналысының ішкі аудит қызметінің қорытындысынсыз қоғамның жылдық қаржылық есебі мен бухгалтерлік балансын бекітуге құқығы жоқ.

5. Қоғам мүшелерінің жалпы жиналысы ішкі аудит қызметінің мүшелерін, оның ішінде ішкі аудит қызметінің төрағасын қоғам жарғысында айқындалған мерзімге сайлайды. Ішкі аудит қызметінің мүшелері өз өкілеттіктерін басқа тұлғаларға беру құқығы жоқ.

Қоғам мүшелерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша ішкі аудит қызметінің кез-келген мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

6. Ішкі аудит қызметінің мүшелері қоғам қызметі туралы кез-келген ақпаратты алуға құқығы бар.

Ішкі аудит қызметінің мүшелері қоғам басқармасының мәжілістеріне қатысады.

7. Ішкі аудит қызметі қоғам мүшелерінің жалпы жиналысын:

1) егер атқарушы органның қызметі мақсаттарға қол жеткізуді және қоғамның міндеттерін орындауды қамтамасыз ете алмаған жағдайда;

2) егер қоғамның атқарушы органы қоғам мүшелері жалпы санының оннан бір бөлігінің мұндай талап қойылған күннен бастап он төрт күн ішінде жалпы жиналысты шақыру туралы талабын орындамаған жағдайда дербес шақырады.

5-тарау. Қоғамның мүлкі

20-бап. Қоғамның мүлкін қалыптастыру көздері

1. Қоғамның мүлкін қалыптастыру көздері мыналар болып табылады:

- 1) құрылтайшылардың жарналары;
- 2) қоғам мүшелерінің сақтандыру сыйлықақылары;

3) қоғам мүшелерінің қосымша жарналары;

4) ерікті ақшалай және өзге жарналар;

5) уақытша бос сақтандыру резервтерінен және өзге де қаражатты орналастырудан алынған кірістер;

б) осы Заңда көзделген өзге де қызметтен түскен кірістер.

2. Қоғам меншігінде мүлікті иелік етіп басқару тәртібі қоғам мүшелерінің жалпы жиналысымен белгіленеді.

21-бап. Сақтандыру сыйлықақылары және сақтандыру төлемдері

1. Қоғам мүшелері сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде пайда алушыға сақтандыру төлемін жасау жөнінде міндеттеме қабылдағандықтан қоғамға сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге міндетті.

2. Сақтандыру сыйлықақылары есебінің мөлшері және тәртібі қоғам мүшелерінің жалпы жиналысы бекіткен қоғамның Өзара сақтандыру ережесімен белгіленеді.

3. Егер қоғамда есепті кезеңнің аяғында сақтандыру төлемдері бойынша, сондай-ақ салықтар төлемі бойынша берешектері болмаған жағдайда қоғам мүшелерінің жалпы жиналысы кезекті сақтандыру сыйлықақыларын азайту немесе оларды төлеуді тоқтата тұру туралы шешім қабылдауы мүмкін.

4. Сақтандыру төлемдерінің мөлшерін белгілеу және оларды жүзеге асыру тәртібі қоғам мүшелерінің жалпы жиналысы бекіткен қоғамның Өзара сақтандыру ережесімен белгіленеді.

22-бап. Қосымша жарналар

1. Қосымша жарналар есебінің мөлшері мен тәртібі қоғам мүшелерінің жалпы жиналысы бекіткен қоғамның Өзара сақтандыру ережесімен белгіленуі тиіс.

2. Уәкілетті орган лицензияламайтын қоғам мүшелерінің қосымша жарналары тек қана сақтандыру төлемдерін жасауға бағытталуы мүмкін.

3. Қызметін уәкілетті органның лицензиясымен жүзеге асырып отырған қоғам мүшелерінің қосымша жарнасы тек қана сақтандыру төлемдерін жасауға немесе қалыптасу міндеттілігі Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасымен белгіленген қорлардың (резервтердің) қалыптасуы (толықтырылуы) үшін берілуі мүмкін.

23-бап. Лицензиялануға жатпайтын қоғамның сақтандыру және өзге де резервтері

1. Қоғам өзінің міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін қоғамның жарғысымен белгіленген тәртіп пен талап бойынша алынған сақтандыру сыйлықақыларынан сақтандыру резервтерін қалыптастырады. Алынған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы толық көлемде сақтандыру резервтерін қалыптастыруға жіберіледі.

Егер қоғам жарғысымен өзге резервтерді құру көзделмеген болса, онда қоғамның инвестициялық кірістері мен меншікті қаражаты да сол сияқты сақтандыру резервтерін қалыптастыру үшін жіберіледі.

2. Егер есепті кезең аяғында қоғамда сақтандыру төлемдері бойынша, сондай-ақ салықтар бойынша берешек болмаса, онда қоғам мүшелерінің жалпы жиналысы кезекті сақтандыру резервтерінің бөлігін немесе жалпы соманы қоғам жарғысында көзделген қоғамның қаржылық тұрақтылығын және төлем қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін қоғамның өзге де резервіне бағыттау туралы шешім қабылдауы мүмкін. Алдағы қаржы жылының сақтандыру резервтерінің қажетті сомасы міндетті түрде кезекті сақтандыру сыйлықақыларының есебінен қалыптасуы тиіс.

3. Сақтандыру резервтерінің қаражаты тек инвестициялауға және (немесе) сақтандыру төлемдерін жасауға ғана пайдаланылуы мүмкін.

Қоғам сақтандыру резервтерін қоғам жарғысында көзделген тәртіппен әртараптандыру, қайтарымдылық, табыстылық шарты бойынша орналастырады.

4. Қоғамның оның мүшелері алдындағы міндеттемелерінің актуарлық бағасының, қоғамның Өзара сақтандыру ережесіне сәйкес актуариймен жүзеге асыратын қоғамның сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру резервтері есебінің болуы міндетті.

24-бап. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату

Лицензиялануға жатпайтын қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Лицензиялануға жататын қоғам "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып қайта ұйымдастырылады және таратылады.

6-тарау. Қорытынды ережелер

25-бап. Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік

Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамасын бұзған қоғамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

26-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі.
Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті